

Қазақ-Америка университеті (КАУ) — Қазақстан мен Америка мемлекеттеріндегі білім беру бағдарламаларының сивтезі негізінде құрылған жоғары оқу орны (негізін қалаушы әрі президенті Әмірлан Айдарбекұлы Құсайынов). Биыл бұл жоғары оқу орны өзінің 20 жылдық мерейтойын атап өтпек. Университеттің өмірі тәуелсіз Қазақ Елінің даму жолымен тығыз байланысты. Әрбір оқу орны білім беретін ортаның ішкі және сыртқы жағдайын және ресурстарын ескеріп, өзіне тән айрықша ерекшеліктеріне сүйене отырып, өзінің келбеті мен қызмет стилін қалыптастырады, білім беру саласында өз орнын орнықтыруға тырысады. Университет басшылығы жыл сайын мамандарды даярлауда және оқытудың сапалы жоғары деңгейіне жету мақсатында заманауи талаптарға сай инновациялық сипаттағы жаңалықтарды енгізуді дәстүрге айналдырған.

ҚАЗАҚ — АМЕРИКА УНИВЕРСИТЕТІ —

халықаралық деңгейдегі білім ордасы

ДАРЫНДЫ СТУДЕНТТЕРГЕ — «SCHOLARSHIPS» СТИПЕНДИЯСЫ

Ұжым жана технологиялық және маңызды әлеуметтік бағдарламаларды белсенді түрде игеруде. 1997 жылдан бастап университет елімізде жоғары оқу орнының ішінде бірінші болып студенттерді оқытудың бөлімбелі процесін, олардың білімдерін бақылауды (бағалауды), дайындықтың көпбалдык әріптiк деңгейiн, енбекқақының инновациялық төлеу жүйесiн, Handouts (активті үлестірімелі материал) бағдарын, оқытудағы үштілділік тұжырымдамасын, тілдерді білуді кешенді бағалаудың жан-жақты критерийлерін, үштілділік глоссарийді, дипломдық жобаларды (жұмыстарды) ағылшын тілінде қорғауды қолданысқа енгізді. Сондай-ақ, американдық серіктестеріміздің тәжірибесін еншілей отырып, біз университет құрылымын Камкоршылар кеңесімен, мамандықтар бойынша Тапсырушылар кеңесімен және сараптамалық комиссиясымен, эдукология зертханасымен, түлектердің Ассоциациясымен толықтырдық.

Қазақстандық жоғары оқу орындары арасында бірінші болып студенттердің тәртібі және үлгерімін қадағалау үшін аталғандарға арналған «comments» деп аталатын «ай сайынғы есеп беру жүйесін» енгіздік. Сондай-ақ, әр оқытушының білімділігі мен бiлдiктiлiгiнiң деңгейiн бағалайтын «feedback» атты студенттер сауалнамасы дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. Ерекше бір айта кетерлік жәйт, ҚР-ның Білім және ғылым министрлігінің бұл ісін беки-

тың нәтижесі «КАУ жанындағы Алматы байланыс колледжіне оқытудың кредиттік білім беру жүйесін енгізудің тәжірибесі» атты жинақта жан-жақты сабақталған.

Халықаралық білім беру жүйесі сарапшыларының талаптарына орай КАУ американдық «OrionRegistrarinc» компаниясының ИСО 9001:2000 стандартына сай халықаралық менеджменттік сапа сертификаттасқан иеленді. Сонымен бірге білім беру сапасын бағдарлау жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттіктің мамандандырылған жәйе институтоналдық аккредитациясынан өтті.

Университетте көптілділіктің міндеттерін іске асыруға бағытталған жоғары білімді және оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандардың тілдік дайындықтарының сапасын арттыру, сонымен қатар сыртқы академиялық ұтқырлықты кеңейту бағытында жүйелі жұмыс атқарылууда. Бізде барлық мамандықтар бойынша пәндер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Ұстаздар қауымы конференцияларда, семинарларда бас қосып, жұмыс нәтижесі туралы тұрақты түрде ой бөлісіп отырады.

ҚазБСҚА және КАУ тілшік пәндер оқытушылары академик Ә.А. Құсайыновтың жетекшілігімен қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша Лингвокешен дайындап, тұсауын кесті. Бұл оқу құралы функционалдык-прагматикалық бағытымен және коммуникативтік қажеттілігімен ерекшеленеді.

ҚОС ДИПЛОМДЫҚ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЫ



КАУ-дың американдық серіктес жоғары оқу орындарының ең жасы 127-де болса, ал Коннектикуттық университет студенттерінің контингенті 70 мыңды құрайды екен. Демек, 20 жылдық тарихы бар университетіміздің халықаралық деңгейге шығуы — біз үшін қуанарлық жағдай.

Жоғары оқу орнының миссиясы негізінде халықаралық енбек нарығында бітірушілердің бәсекелестігін және әлемдік білім беру кеңістігіне табысты кіру үшін КАУ американдық стандарттарды енгізуді белсенді қолдануда. Жұмыс бағдарламаларына Test of English as a Foreign Language, АКШ экономикасы, Халықаралық қаржы менеджменті, американдық үкімет және саясат атты пәндер енгізілген.

Университеттің түлектеріне дипломдарын өндіріс, саясат, ғылым салаларының көрнекті қайраткерлерінің салтанатты жағдайда табыстауы дәстүрге айналған. Олардың қатарында КАУ-дың Камкоршылар кеңесінің құрметті төрағасы, халықаралық және ҚР-ның инженерлік академиясының академигі А.А. Құлыбаев, КАУ-дың Камкоршылар кеңесінің төрағасы, Парламент Мәжілісінің депутаты, ҚР-дағы БҰҰ Қауымдастығының төрағасы — Ж.Калиұлы, Камкоршылар кеңесінің мүшесі, ҚР-ның ҰҒА президенті, электрохимия және катализ институтының директоры, ҚР-ның ҰҒА академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор М.Ж.Жұрынов, ҚР ұлттық инженерлік академиясының вице-президенті, ҚР ҰҒА академигі, химия ғылымдарының докторы, ҚР ғылымдарының құрметті қыз-

Қызылордада Қазақ-Америка университетінің тәжірибесі ескеріліп, мамандардың нақты ішкі. Жыл сайын ҚАУ өз еңбегін тырсытып, 200-ден астам «Scholarship» стипендиясын тағайындап, олардың біраз отбасынан шыққан студенттерге беріледі.

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ӨЗ МЕКТЕБІ МЕН БАЙЛАНЫС КОЛЛЕДЖІ БАР

Бірінші кезеңде білім беру «0»-сыныптан 6-сыныпқа дейін қазақ және орыс тілдерінде, ал 7 мен 11-сыныптар үш категория бойынша ағылшын тілінде өтетін пәндердің саядарымен ерекшеленеді және жаратылыстану-техникалық, экономикалық және гуманитарлық үш бағыт бойынша жүргізіледі. Қазақстандағы 7900 мектеп арасында 21 мектеп ғана ЮНЕСКО құрамындағы мектептер тізіміне енгені белгілі. ҚАУ жанындағы мектеп – солардың бірі. 2003 жылдың ақпан айында ЮНЕСКО-ның бас директоры Коичиро Матсуура ҚАУ мектебін ЮНЕСКО құрамындағы мектептер қатарына қабылдайтынын растайтын сертификат табыстады.

Ал ҚАУ жанындағы Алматы байланыс колледжі осы күнге дейін отыз мыңнан астам маманды тәрбиелеп шығарды. Колледжіміз алғашқылардың қатарында білім беру жүйесіне оқытудың кредиттік технологиясын енгізуге рұқсат алды. Бұл жұмыс-

Қазақ-Америка университеті Болон декларациясына сәйкес АҚШ, Италия, Испания, Канада, Корея, Түркия, Малайзия университеттерімен магистранттардың және бакалаврлардың дайындығы бойынша қос дипломдық халықаралық білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады. ҚАУ-да «А» категориясы бойынша үш жыл білім алған студентке төртінші оқу жылы шетелдік оқу орнында оқуын жалғастыруға мүмкіндік беріледі. Оқу жылын аяқтап, серіктес жоғары оқу орнының дипломын алып, студент ҚАУ-дағы пәндер бойынша айырмашылығын тапсырып, қазақстандық стандартқа сай бакалавр дәрежесін және мемлекеттік үлгідегі диплом ала алады.

ҚАУ-дың қызметі бүгінде елімізде жұмыс істейтін түрлі шетелдік ұйымдарды қызықтырып отыр. Университетіміз бірқатар халықаралық ұйымдармен, шетелдік университеттермен, колледждермен, мектептермен (IREX, ACCELS, USIS, British Council) тұрақты қатынастар орнатқан. Соңғы бес жыл ішінде Қазақ-Америка университеті американдық колледждер мен университеттер қауымдастығына (AAC&U) қабылданған ТМД-ның жалғыз жоғары оқу орны болып табылады. Қазіргі таңда бұл Қауымдастықтың құрамына 1100 білім беру ұйымы, колледждер және университеттер (American University, Eastern Connecticut State University, George Mason University, Berkeley College, Harvard University и т.д.) кіреді.

меткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Н.К.Нәдіров, ҚАУ-дың Қамқоршылар кеңесінің мүшесі, ҚР Парламент Сенатының депутаты, Қазақстанның патриоттар партиясының төрағасы Ғ.Е. Қасымов және т.б. бар.

Қазақ-Америка университеті Халықаралық білім беру корпорациясының құрамында республикамыздың беделді агенттіктерінің рейтингіне сай лайықты орын алуда. Университеттің рейтингі жылдан-жылға өсуде. 2016 жылы Қазақстанның көп бейінді жоғары оқу орындарының бас рейтингінде жоғары оқу орны 15-орынды иеленді. Ал, бакалавриат мамандықтары бойынша БСКТҚА рейтингінде ҚАУ-дың «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы – 7-орында және «Халықаралық қатынастар» мамандығы – 8-орында тұр.

Университеттің жскеменшік ғимараты, компьютерлік және зертханалық-техникалық базасы, жоғары білікті педагогикалық әлеуеті, заманға сай жоспарлары, халықаралық серіктестік бағдарламалары бар. Бес басты халықаралық талаптарға сай келетін Қазақ-Америка университеті — Қазақстандағы қарқынды дамып келе жатқан, білім беру жүйесінде өзінің лайықты орнын тапқан бірегей білім ошақтарының бірі.

А. С. САРЫМСАҚОВА,
Қазақ-Америка университетінің
проректоры.